

Ғаламтор



Жобалық жұмыс тақырыбы: «Ғаламтор»
Жобаның авторы: 12 «А» сынып оқушысы Бараков Азамат
Тексеруші мұғалім: Шынар Шерубаева

Жобаның жоспары:

1.

Ғаламтор- өміріміздің ажырамас бөлігі

2.

А. Ғаламторға тәуелділік

Ә. Оның пайда болу себебі

Б. Виртуальді және нақты байланыс арасынан тандау

В. Тәуелділікті шешу жолдары

3. Қорытынды

Компьютерлік желі ARPANET деп аталып, 1969 жылы аталған төрт ғылым орталықтарын біріктірді, барлық жұмыстарды АҚШ Қорғаныс министрлігі қаржыландырып отырды. Одан соң, ARPANET желісі жылдам дамып, бүкіл әлемдік өрмек-ғаламтор пайда болды. Ғаламтор дегеніміз- кез келген компьютерлермен бүкіл әлем бойынша ақпарат алмасу мен беру мүмкіндігі, желілер жүйесі. Ол- байланыс араларын өзара біріктіретін, тораптардың жиынтығы.



Пайдасы:

Ғаламтордан не керек бәрін табасың. Әсіресе студенттер және мектеп оқушылары реферат, мағлұматтар, шығарма және тағы басқа мағлұматтар алады. Қазірдің өзінде Ғаламтор арқылы тест тапсырып, сабақ алып жатқандарда бар. Сондай ақ Ғаламтор арқылы жұмыс істеп, сол арқылы ақша табуға да болады.

Зияны:

Ғаламторды қолдану адамды стрессқа түсіреді, адамның физикалық күйіне, жүйке жүйесіне, жеке өміріне, экономикалық және әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізеді. Кейде уақыт босқа кетеді. Ғаламтор тұтынушы адам кем дегенде күніне бір сағаттан кем отырмайды. Осыдан тәуелділік ауруы – Ғаламторға тәуелділік пайда болады.

